

Диалогтік оқыту

Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтың маңызды рол атқаратын көрсетті. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді.

“Мұғалім – оқушы”, сондай-ақ “оқушы-оқушы” арасында шығармашылықпен өтетін, өз пікірін негізді, тұжырымды түрде білдіруге жетелейтін әңгімені ынталандырып, қуаттайтын оқыту әдістерін “диалогтік оқыту” деп атауға болады.

Диалог

```
graph TD; A[Диалог] --> B[Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді]; A --> C[Басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне көмектеседі]; B --> D[Оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі]; C --> E[Мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі];
```

Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді

Басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне көмектеседі

Оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі

Мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі

Александр (2004)
оқытудағы әңгіме – қарым-
қатынас жасаудың
бірсарынды үдерісі емес,
керісінше, әңгіме
барысында идеялар
екіжақты бағытта жүріп,
соның негізінде оқушының
білім алу үдерісі алға
жылжитын белсенді үдеріс
деп тұжырымдайды.

Мерсер (2000) сипаттағандай,
білімді бірлесіп алуда немесе
«пікір алмасу»
барысында олар тең құқылы
серіктестер болып табылады

Мерсердің зерттеуі бойынша әңгімелесу түрлері

- Әңгіме-дебат;
- Кумулятивтік әңгіме;
- Зерттеушілік әңгіме

Әңгіме-дебат барысында:

- 1) ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады;
- 2) ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады;
- 3) қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады;
- 4) Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған.

Кумулятивтік әңгіме барысында байқалатын жайлар:

- 1) айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе береді;
- 2) әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылар өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдайды;
- 3) идея қайталанады және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.

Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде:

- 1) әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады;
- 2) әркімнің идеясы пайдалы деп саналғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі;
- 3) қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды;
- 4) қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме «көрінеді»;
- 5) топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы-келісімге ұмтылу).